

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2016 – 2017 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 5 шілдедегі № 94 өкімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №1 қосымша) 43-тармағының 13-тармақшасына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне №1 қосымшаның 130-тармағына және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Төрағасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 231 бұйрығымен бекітілген Ғылыми зерттеулермен байланысты Еуразиялық экономикалық комиссияның қызметін ұйымдастыру тәртібінің 11-тармағына сәйкес:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 7 маусымдағы №77 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның 2016 - 2017 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 5 шілдедегі
№ 94 өкіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2016 – 2017 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. II-бөлімде:

а) "Статистика департаменті" кіші бөлімінен кейін мынадай мазмұндағы кіші бөліммен толықтырылсын:

"Өнеркәсіп саясаты департаменті

1. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптегі өзара іс-қимылынан болған синергетикалық әсерді анықтау мақсатында талдау" ҒЗЖ	2016-2017 жылдары
---	-------------------

2. "Өнеркәсіп кооперациясы мен субконтрактациясын қалыптастыру және қаржыландыру тәртібін қамтитын оның желісін құру тұжырымдамасын әзірлеу" ҒЗЖ	2016 жылы
3. "Технологиялар трансферінің Еуразиялық желісін қалыптастыру және қаржыландыру тәртібін қамтитын оның желісін құру тұжырымдамасын әзірлеу" ҒЗЖ	2016-2017 жылдары
4. "Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) өнеркәсіп кешендері мен жалпы нарығын талдаудың негізінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік ынтымақтастығын дамытудың есебінен импортты алмастыру міндетін шешу" ҒЗЖ	2016-2017 жылдары
5. "Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) жүйе құрайтын өнеркәсіптік кәсіпорындарын талдаудың негізінде ЕАЭО-ның жалпы нарығында және үшінші елдердің нарығына өнеркәсіптік тауарларды ілгерілету жолында кәсіпорындардың кооперациялық ынтымақтастығын дамыту үшін кедергілерді жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу" ҒЗЖ	2016-2017 жылдары
Өнеркәсіптік саясат департаменті бойынша барлығы (5 ҒЗЖ)	
Агроөнеркәсіптік саясат департаменті	
1. "Еуразиялық экономикалық одаққа одаққа мүше мемлекеттердің келісілген агроөнеркәсіптік саясатын, соның ішінде мемлекетаралық кооперация мен импортты алмастыру саласындағы келешегі бар бағыттары мен механизмдерін әзірлеу" ҒЗЖ	2016-2017 жылдары
2. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердегі агро азық-түлік нарығын мемлекеттік реттеудің және агроөнеркәсіптік кешенді қолдау шараларының тиімділігін олардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар дайындау мақсатында бағалаудың әдістемесін әзірлеу" ҒЗЖ	2016 жылы
3. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің және тамақ өнеркәсібі өнімдерінің баға мониторингін және бәсекеге қабілеттілігін талдаудың әдістемесін әзірлеу" ҒЗЖ	2016 жылы
4. "Әлемдік агро азық-түлік нарығы конъюнктурасының Еуразиялық экономикалық	

одаққа мүше мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешеніне ықпалын бағалау" ҒЗЖ	2016-2017 жылдары
Агроөнеркәсіптік саясат департаменті бойынша барлығы (4 ҒЗЖ)	

б) "Ішкі нарықты қорғау департаменті" кіші бөлімінде:

3-тармақ алып тасталсын;

"Ішкі нарықты қорғау департаменті бойынша барлығы (3 ҒЗЖ)" деген сөздер "Ішкі нарықты қорғау департаменті бойынша барлығы (2 ҒЗЖ)" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) "Кеден заңнамасы және құқық қолдану практикасы департаменті" кіші бөліміндегі "Орындау мерзімі" деген графадағы "2016 жылы" деген сөздер "2016-2017 жылдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. "Жаңадан басталған жұмыстар бойынша барлығы (28 ҒЗЖ)" позициясы мынадай редакцияда жазылсын: "Жаңадан басталған жұмыстар бойынша барлығы (36 ҒЗЖ)".

3. "Еуразиялық экономикалық комиссия бойынша БАРЛЫҒЫ (39 ҒЗЖ)" позициясы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық комиссия бойынша БАРЛЫҒЫ (47 ҒЗЖ)".